

Алматы облысы бойынша 2022 жылдың I-II-III тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 177 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 31 мамырда № 28271 болып тіркелді

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларының 7-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Алматы облысы бойынша 2022 жылдың I-II-III тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.

2. "Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

К. Бозумбаев

Алматы облысы әкімдігінің 2022
жылғы 24 мамырдағы № 177 қаулысын
а қосымша

Алматы облысы бойынша 2022 жылдың I-II-III тоқсанға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары үшін бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

№	Тауар атауы	Өлшем бірлігі	I-тоқсан	II-тоқсан	III-тоқсан
1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	353	349	363
2	Бірінші сортты бидай ұны	теңге/ килограмм	187	192	198
3	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	485	500	524
4	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	теңге/ килограмм	159	164	165
5	Рожки (өлшеніп салынатын)	теңге/ килограмм	292	304	304
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	теңге/ килограмм	2292	2360	2466
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	теңге/ килограмм	894	915	963
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	теңге/ литр	221	223	226
9	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	теңге/литр	228	228	232
10	Сүзбе: майлылығы 5-9%	теңге/ килограмм	1151	1149	1174
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	теңге/дана	42,8	41,9	42,1
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	теңге/ килограмм	2922	3025	3073
13	Күнбағыс майы	теңге/ литр	792	835	862

14	Ақ қауданды қырыққабат	теңге/ килограмм	124	89	101
15	Басты пияз	теңге/ килограмм	96	125	104
16	Асханалық сәбіз	теңге/ килограмм	174	257	205
17	Картоп	теңге/ килограмм	151	212	167
18	Ақ қант – құмшекер	теңге/ килограмм	265	274	270
19	Ас тұзы ("Экстра" -дан басқа)	теңге/ килограмм	55	54	54

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК